

Мәслихаттың 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 50 "Әлеуметтік көмек көрсетудін, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне езгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 3 мамырдағы № 93 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 мамырда № 7063 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы № 390 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 07.12.2020 № 390 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының бабы 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 504 қаулысына сәйкес Сарықөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 50 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6628 тіркелген, 2016 жылғы 6 қазанда "Курьер Казахстана" газетінде жарияланған) мынадай езгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2- тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) халықты жұмыспен қамту орталығы - ауданның жергілікті атқарушы органды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын үйымдастыру мақсатында құратын коммуналдық мемлекеттік мекеме;";

7-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы оку орындарында білім алумен байланысты, нақты құны бойынша оқуға ақы төлеу үшін, алғашқы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім (бұдан әрі - білім), алған тұлғалар санынан, оқу жылы ағымында екі бөлікпен аударылатын 400 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде, мемлекеттік бюджеттен өзге төлемдердің түрлерін алушыларды, білім беру гранттарының иелері болып табылатын адамдарды есептемегенде:

өтініш жасаудың алдындағы соңғы он екі айда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен (бұдан әрі – ең төмен күнкөріс деңгейі) төмен табыстары бар отбасылардың жастарына, сондай-ақ табыстарын есепке алмай, жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуын жалғастыратын халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын жастарға;

табыстарын есепке алмай, мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасында ұсынымы бар, барлық санаттағы мүгедектерге;";

14-тармақтың 6) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті сессияның төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**"Сарыкөл ауданы әкімдігінің**

**жұмыспен қамту және**

**әлеуметтік бағдарламалар**

**бөлімі" мемлекеттік**

**мекемесінің басшысы**

*C. Дұтпаев*

*K. Базарбаева*

E. Раисов

**2017 жылғы 3 мамыр**